



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__годе

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

14.02.2018-ғы № 20-38/3430 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттарына
(тізім бойынша)**

2017 ж. 22.12.

№ ДС-312

Құрметті депутаттар!

Сіздердің терминология мәселелеріне қатысты жолдаған депутаттық сауалдарыңыз бойынша мынаны хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында 2017 жылғы қарашада Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) құрылды, негізгі міндеттердің бірі жаңа әліпбиге көшу барысында қазақ тілі орфографиясы, орфоэпиясы қағидаттарын және басқа да тілдік ережелерді реттеу және жетілдіру болып табылады.

Ұлттық комиссия жалпы әдістемелік, орфографиялық, терминологиялық жұмыс топтарының, сондай-ақ техникалық және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс топтарының құрамы мен жұмыс жоспарының жобаларын қалыптастыру бойынша тәсілдерді мақұлдады.

2017 жылдың аяғында терминологиялық жұмыс тобының отырысында қазақ терминологиясының қазіргі жай-күйі талқыланып, халықаралық терминдерді қабылдау қағидаттары және халықаралық терминдерді қолданудағы қиындықтар анықталып, оларды еңсерудің жолдары қарастырылды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ағымдағы жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында да терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату жөнінде тапсырма берген болатын.

Қолданыстағы қазақ тіліндегі көптеген терминдердің шет тілдерінен қабылданғанын ескере отырып, қазақ тілінің өзіндік болмысын сақтау мақсатында термин қабылдауда «төл сөздерімізге басымдық беру», «түркі тілдерінен термин алу», «терминдерді қазақ тілінің заңдылығына бағындырып қабылдау» сияқты қағидаттар басым қолданылғаны белгілі.

Бүгінде құрамына лингвист-ғалымдар, журналистер, депутаттар, Президент Әкімшілігі, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің редакциялау бөлімдерінің басшылары кіретін Үкімет жанындағы Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) барлық терминді қазақ тіліне аударуды алдына мақсат етпегенін соңғы жылдары бекітілген терминдерден байқауға болады.

Алайда қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп терминнің баламасы ретінде қолданылуы, кейбір халықаралық терминдердің қазақ тіліне аударылуы сияқты жайттардың кездесетінін жасыра алмаймыз. Бұл заңнамадағы терминдерге де қатысты. Заңнама терминдерін біріздендіру мәселелері Комиссия отырыстарында жүйелі түрде қаралады. Соңғы уақытта терминдерді бекіту барысында олардың дефинициясы, ағылшын, неміс, испан, француз және түрік тілдеріндегі қолданысына ерекше назар аударылады.

Бұдан басқа, заңнамадағы терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында Әділет министрлігі Заңнама институтының Лингвистика орталығы тұрақты негізде «Қазақстан Республикасының заңнамасында қазақ тіліндегі заң лексикасының қолданылуына мониторинг жүргізу» тақырыбында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді. 2017 жылы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде заң терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі жетілдіріліп түзетілді және толықтырылды. Мәдениет және спорт министрлігі 2017 жылғы қарашадан бастап барлық терминдердің тілдік, сапалық, жалпы қолданыстық сипаттамасына мониторинг жүргізіп, халықаралық терминдерді қабылдаудың қағидаттарын әзірлеу, қазақ тілінің терминжасамдық әлеуетін анықтау бойынша жұмыстар жүргізуде.

Қазіргі уақытта «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ұлттық ғылыми кеңес «Латын графикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасын мақұлдады. Осы бағдарлама аясында жаңа ұлттық әліпбиде кірме терминдерді транслитерациялау және транскрипциялау қағидаларын, оның ішінде кемінде 2 терминологиялық сөздік әзірлеу қарастырылған.

Бұл ғылыми бағдарлама терминология саласының барлық мәселелерін қамтымайтын болғандықтан, Білім және ғылым министрлігі 2018 жылға арналған мемлекеттік тапсырма шеңберінде «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің

терминологиялық қоры: интеграциялау, жаңғырту және стандарттау» ғылыми бағдарламасын іске асыруды қарастыруда.

Терминдерді біріздендіру, қазақ тілінің терминологиялық қорын реттеудің өзекті мәселелерін шешу қазақ тілінің латын графикасына көшуі аясында Үкіметтің қатаң бақылауында екенін атап өтеміз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев